

# «Бір ел – бір кітап» акциясы

## Ұлт ұстаз- Ахмет Байтұрсынов


*«Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі,  
Ахаң салған әдебиеттегі елшілдік ұраны – «Қырық мысал», «Маса»;  
«Қазақ» газетінің қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі,  
өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты,  
біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер!»*

*М. Әуезов*

Қазақстанда республикалық «Бір ел – бір кітап» акциясы Қазақстан Республикасы мәдениет министрлігінің қолдауымен Ұлттық академиялық кітапханасы мен Кітапханашылар қауымдастығының бастамасымен 2007 жылдан бастап өткізіліп келеді. Акцияның мақсаты – ұлттық әдебиетіміздегі үздік туындыны оқу және насихаттау, білім беру үрдісіне ықпал ету, рухани мұрамызды сақтау, сондай-ақ жастарды рухани және патриоттық тәрбиеге баулуға бағыттау. Биылғы 2022 жылы ұлтымыздың ұлы ұстазы, қазақ ағартушысы, мемлекет қайраткері, лингвист ғалым, әдебиеттанушы, түркітанушы, ақын және аудармашы, қоғам қайраткері және саяси публицист, реформатор, Алаш партиясының мүшесі Ахмет Байтұрсыновтың (1872-1937) туғанына 150 жыл толады. Кезінде қуғын-сүргінге ұшыраған оның есімі жарты ғасырдан астам уақыт бойы аталмай, Қазақстан тарихынан лайықты орын ала алмады. Биыл «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы Ахмет Байтұрсыновтың ғылыми және әдеби шығармашылығына арналады.

2022 жылы қазанның 12 жұлдызында М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің Коворкинг орталығында «Ұлт ұстаз- Ахмет Байтұрсыновқа» арналған рухани-мәдени акциясы өтті. Акция барысында студенттар "Ұлт ұстазы" атанған Ахмет Байтұрсынов туралы, қазақ қоғам және мемлекет қайраткері, "Алаш" партиясының мүшесі, ағартушы, ғалым - лингвист, әдебиеттанушы, түркітанушы, ақын және аудармашы екені туралы айтылды. Тыңдаушыларға бейнематериалдар көрсете отырып, тамаша әдебиетші, педагог, лингвисттің өмірбаяндық деректеріне тоқталды «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы оқырмандар арасында өз орнын тауып келеді. Шараға университеттің «Журналистика» факультетінің студенттері мен оқытушы Тулешова Гулгул Қуатқызы қатысты. «Ұлттың ұлы ұстазы» атты әдеби кітап көрмесі ұйымдастырылды.







### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсын ұлы, А. Әліб-бій : жаңа құрал / А. Байтұрсын ұлы ; ред. Ұ. Асыллов. - Алматы: Рауан, 1998. - 118 б
2. Байтұрсынов А. Ақ жол: өлеңдер мен тәржімелер, публицикалық мақалалар және әдеби зерттеу / А., Байтұрсынов; құраст. Р. Нұрғали.- Алматы: Жалын, 1991.- 463 б.
3. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш: зерттеу мен өлеңдер / А., Байтұрсынов.- Алматы: Атамұра, 2003.- 206 б.- (Атамұра кітапханасы).
4. Байтұрсынов А. Шығармалары: өлеңдер, аудармалар, зерттеулер / А., Байтұрсынов.; құраст. Ә. Шәріпов, С. Дәуітов.- Алматы: Жазушы, 1989.- 319 б.
5. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Т. 1 / А., Байтұрсынұлы.- Алматы: Ел-шежіре, 2013.- 382 б.: портр.
6. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Т. 2: оқу құралы / А., Байтұрсынұлы.- Алматы: Ел-шежіре, 2013.- 391 б.: портр.
7. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Т. 3: Тіл-құрал (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері) / А., Байтұрсынұлы.- Алматы: Ел-шежіре, 2013.- 382 б.: портр.
8. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Т. 4: Әліппелер мен мақалалар жинағы. (Төте жазудағы тұңғыш әліппелер және ұлттық баспасөздің негізін қалаған көсем сөздер) / А., Байтұрсынұлы.- Алматы: Ел-шежіре, 2013.- 382 б.: портр.
9. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Т. 6: Мақалалар, хаттар. А. Байтұрсынұлы туралы құжаттар мен материалдар / А., Байтұрсынұлы.; құраст. Р. С. Имаханбет. — Алматы: Ел-шежіре, 2013.- 382 б.: портр.
10. Байтұрсынұлы А. Бастауышқа арналған оқу кітәбі / А. Байтұрсынұлы, Т. Шонанұлы. — Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2019.- 143 б.
11. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы: өлеңдер, әдеби-ғылыми, зерттеулер. Т. 1 / А., Байтұрсынұлы.- Алматы: Жібек жолы, 2002.- 207 б.- (Алаш мұрасы).
12. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы: оқу құралы. 2-ші том / А., Байтұрсынұлы.- Алматы: Алаш, 2002.- 478 б.- (Алаш мұрасы).
13. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. Т. 3: Тіл-құралы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері) / А., Байтұрсынұлы.- Алматы: Алаш, 2005.- 352 бет.- (Алаш мұрасы).
14. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. Т. 4: Әліппелер мен мақалалар / А., Байтұрсынұлы.- Алматы: Алаш, 2006.- 319 б.- (Алаш мұрасы).
15. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. Т. 5: Ер Сайын. 23 жоқтау. Мақалалар / А., Байтұрсынұлы.- Алматы: Алаш, 2006.- 287 б.- (Алаш мұрасы).
16. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы: өлеңдер, әдеби-ғылыми зерттеулер. 1 т. / А., Байтұрсынұлы; құраст. А. Ісімақова.- Алматы: Алаш, 2003.- 408 б. — (Алаш мұрасы).
17. Байтұрсынұлы А. Жан сөзімді кім түсінеді?: өлеңдері мен аудармалары / А., Байтұрсынұлы.- Алматы: Қазақстан, 1994.- 112 б.
18. Байтұрсынұлы А. Жоқтау: жоқтау жырлары / А., Байтұрсынұлы.- Алматы: Қазақстан, 1993.- 94 б.
19. Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері / А., Байтұрсынұлы.; құраст. Ғ. Әнес.- Алматы: Абзал-ай, 2013.- 639 б.: фотосурет.
20. Байтұрсынұлы А. Қырық мысал: Өлеңдер / А., Байтұрсынұлы.- Алматы: Жазушы, 2002.- 119 б.- (Мектеп кітапханасы).
21. Байтұрсынұлы А. Маса: өлеңдер мен көсемсөздер / А., Байтұрсынұлы.- Алматы: Раритет, 2005.- 208 бет.- (Жыр жауһары. «Алтын қор» кітапханасы).
22. Байтұрсынұлы А. Мәңгілік мекен: поэзия / А., Байтұрсынұлы.- Алматы: Жалын, 2008.- 111 б.